

**Әкімдіктің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 35 "Қарасу ауданы жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 63 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 наурызда № 9943 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасу ауданы әкімдігінің "Қарасу ауданы жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 15 наурыздағы № 35 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7655 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қарасу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оны ресми жарияланғаннан кейін Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарасу ауданының әкімі*

*В. Радченко*